

Облыс әкімдігі жанындағы техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту мен кадрларды даярлау жөніндегі облыстық кеңесі мен Қызылорда облысы кәсіпкерлері Өңірлік кеңесінің бірлескен отырысының  
**№19 ХАТТАМАСЫ**

Қызылорда қ.

2014 ж. 13 қараша

Өткізілетін орны:

Облыс әкімдігінің  
мәжіліс залы

Уақыты:

10.00-де

Қатысушылар:

А.Ш.Әлназарова – Қызылорда облысы әкімінің орынбасары, облыс әкімдігі жанындағы техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту мен кадрларды даярлау жөніндегі облыстық кеңес пен кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің мүшелері, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының басшылары.

Отырыс төрайымы:

А.Ш.Әлназарова – Қызылорда облысы әкімінің орынбасары

Отырыс хатшысы:

Қызылорда облысының білім басқармасы

**Күн тәртібі:**

1. Облыстың еңбек ресурстары балансына сәйкес және облыстың индустриалды-инновациялық жобаларына қажетті жаңадан ашылатын мамандықтар мен 2014-2015 оқу жылының мемлекеттік тапсырысты орналастырудағы басымдылық берілген мамандықтар бағыты туралы - баяндамашы Білім басқармасының басшысы Н.С.Байқадамов.
2. Облыстағы мектеп оқушылары үшін кәсіби бағдар берудегі техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары мен кәсіпкерлер палатасымен бірлесе атқарған жұмыстар туралы - баяндамашы Білім басқармасының басшысы Н.С.Байқадамов.

- 3. Облыстағы кәсіпкерлік саласының дамуындағы жастардың алар орны мен олардың кәсіпкерлікпен айналысудағы перспективасы мен проблемалық мәселелері туралы – баяндамашылар жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары А.Алдажаров, жастар саясаты жөніндегі басқарма басшысының міндетін атқарушы Г.Нұрбаева.
- 4. Өңірлік кәсіпкерлер палатасының «Кәсіптік білім мен бизнестің интеграциясы» техникалық және кәсіптік білім беруге дуальді оқыту жүйесі технологиясының элементтерін және білім беру ұйымдарына коорпоративті басқару жүйесін енгізудегі кәсіпорындардың ықпалдастығы туралы – баяндамашы кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары А.Б.Бимағанбетов.

Бірлескен кеңес отырысында айтылған ұсыныс-пікірлерді ескере отырып, облыс әкімдігі жанындағы техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту мен кадрлар даярлау жөніндегі облыстық кеңес пен кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

- 1. Қызылорда облысының білім басқармасы (Н.Байқадамов) 2015 жылға жергілікті бюджет есебінен кадрлар даярлаудың жоспарын әзірлеуде еңбек ресурстары балансына сәйкес жаңа мамандықтар ашуды, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін облыс әкімдігінің қаулы жобасын әзірлеп, 2015 жылғы 1-ші наурызға дейін бекітуге ұсынсын;
- 2. Қызылорда облысының білім басқармасы (Н.Байқадамов) облыстағы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының меншік иесіне қарамастан 2014 жылы бітірушілердің жұмысқа орналасуын мамандықтары бойынша сараптама жұмыстарын жүргізіп, бітірушілердің біліктілігін тәуелсіз бағалау нәтижесіне талдау жасап 2014 жылғы 31-ші желтоқсанға дейін ақпарат ұсынсын;
- 3. Қызылорда облысының білім басқармасы (Н.Байқадамов) облыстағы білім саласын қадағалу департаментімен (М.Шермағанбет) бірлесіп облыстағы техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының меншік иесіне қарамастан соңғы 2 жылда білім беру үдерісі тоқтатылған мамандықтардың лицензиясын қайтару бағытындағы жұмыстарды қамтамасыз етсін;
- 4. Қызылорда облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы (С.Құлымбетова) облыстың еңбек ресурстары балансына сәйкес жұмысшы кадрларға деген сұранысты ірі кәсіпорындар мен орта және шағын бизнес өкілдерінің қажеттілігіне қарай ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан бекітілген әдістемелік нұсқау бойынша анықтауды, тиісті ақпаратты 2015 жылғы 1-ші ақпанға дейін қамтамасыз етсін;



- 3
5. Қызылорда облысының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы (Ж.Жылқышиева) облыстағы жастарды жұмысқа орналастыру, олардың кәсіпкерлікпен айналысуына мүмкіндік жасау және тұрақты жұмысқа орналасқандар туралы нақты сараптама жүргізіп, тиісті ақпарат ұсынсын;
  6. Облыстық жастар саясаты жөніндегі басқармасы (Г.Нұрбаева) облыстық кәсіпкерлер палатасымен (Р.Досмаханов к.б) бірлесіп жастарды жұмысқа орналастыру бағытындағы идеологиялық жұмыстар жүргізудің «Жол картасын» 2014 жылғы 31-ші желтоқсанға дейін әзірлесін;
  7. Қызылорда облысының білім басқармасы (Н.Байқадамов) облыстық кәсіпкерлер палатасымен (Р.Досмаханов к.б.) бірлесіп дуальді оқыту жүйесі енгізілген 8 колледждің мамандықтар бойынша үлгілік оқу жоспарларын әзірлеп, оқу жүйесіне ендіру бағытындағы жұмыстарды 2014 жылғы 31-ші желтоқсанға дейін аяқтасын;
  8. Қызылорда облысының білім басқармасы (Н.Байқадамов) облыстық кәсіпкерлер палатасымен (Р.Досмаханов к.б.) бірлесе отырып техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарына корпоративті басқаруды енгізу бағытында шаралар қабылдасын;
  9. Қызылорда облысының білім басқармасы (Н.Байқадамов) облыстық кәсіпкерлер палатасымен (Р.Досмаханов к.б.) бірлесіп мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында өндіріс орындары мен компаниялар және ТжКББ оқу орындары арасында дуальды оқыту жүйесін енгізу мақсатында жасалған 4 жақты келісім-шарттардан туындайтын шараларды қабылдасын;
  10. Осы тапсырмалардың орындалуына бақылау жасау облыстық кеңес төрайымы А.Әлназароваға және Кәсіпкерлердің өңірлік кеңесінің төрағасы А.Махамбетовке тапсырылсын.

**Кеңес төрайымы**  
**А. Әлназарова**



**Кәсіпкерлердің өңірлік**  
**кеңесінің төрағасы**  
**А. Махамбетов**